БӨРЛІ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ БУРЛИНСКОГО РАЙОНА

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

«15» қазан 2025ж. № 382

Ақсай қ.

Жергілікті атқарушы органының төтенше жағдайларға арналған резервінен қаржы бөлу туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексін және 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, Бөрлі ауданы әкімінің орынбасары М.Нурмаковтың төрағалығымен төтенше жағдайдың алдын-алу жөніндегі кезектен тыс кеңестің 2025 жылғы 19 қыркүйектегі № 5 хаттамасының негізінде, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бөрлі ауданы Успен ауылдық округінің Жанаталап ауылындағы жер үйіндісі мен жол өткелдерін орнату үшін жергілікті атқарушы органының резервінен 2 133 914 (екі миллион бір жүз отыз үш мың тоғыз жүз он төрт) теңге сомасындағы қаражат «Бөрлі ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне бөлінсін.
2. «Бөрлі ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Г.Шамғонова) осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы **Д.Имашев**